



Бағдарламалау бөлімі

06130100 – «БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» МАМАНДЫҒЫ 4S06130103 –
«БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУДЫ ҚҰРАСТЫРУШЫСЫ»
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІК СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламалары:

06130100 – «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы

4S06130103 – «Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы»

Шымкент қаласы білім басқармасының Политехникалық колледжі, «Бағдарламалау» бөлімінде 2024– 2025 оқу жылында, 06130100 – «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы, 4S06130103 – «Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы» біліктілігінде – 500 студент білім алуда. Бөлімге қарасты 22 топ.

«Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы арнайы математикалық моделдеу негізінде алгоритм мен компьютерлік бағдарламаларды және Веб – ресурстарды құрумен қатар үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз етумен айналысады.

«Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығын бітірген түлектер дербес компьютермен жұмыс жасайтын кез – келген мекемеде қызмет атқара алады. Сонымен қатар, ДЭЕМ операторы, қолданбалы бағдарламаларымен – бухгалтерлік бағдарламалар жұмысын, мессенджерлер, бейне және аудио бақылаушы бағдарламаларын қамтамасыз ету, өрт қауіпсіздігі тетіктерінің жүйесін, операциялық жүйелермен жұмыс, желілік администратор жұмысы, үлкен және орта мәліметтер қорымен жұмыс, серверлерді орнату және олармен жұмыс, қосымша сыртқы және ішкі құрылғылардың жұмыс істеуін қадағалау, компьютерді сыртқы және желілік вирустардан қорғау, Web бағдарламашы, компьютер дизайнері және жобалаушысы, үлкен және кіші компьютерлік кластарды жабдықтаушы, кез-келген көлемдегі бағдарламалар құрушы және сайт жасаушы қызметтерін атқара алады.

Бағдарламалау бөлім оқытушыларының кәсібилігі мен білім берудегі үлесі ерекше жоғары. Олар студенттерге тек теориялық білім ғана емес, сондай-ақ практикалық дағдыларды да игерту арқылы болашақ бағдарламалаушылардың сапалы дайындалуына үлкен үлес қосады. Олардың әрқайсысы өз саласында терең білімге ие, үнемі жаңалықтарды меңгеріп, студенттермен жұмыс істеуге деген құштарлықтары ерекше. Бұл бөлімнің оқытушыларының еңбегі әрқашан жоғары бағаланып, олардың тәжірибесі мен қолдауына студенттер жиі сүйенеді.

Бөлім меңгерушісі – Толыбаев Кенжебек . Бөлім құрамына 12 оқытушы және инженер құрам кіреді:

- 1) Әмірбекова Төлқын Алданазарқызы
- 2) Ахметалиева Эльмира Исламбековна
- 3) Давлетова Индира Аппақұловна
- 4) Еділбаева Эльмира Сәйдүллаевна
- 5) Мамырбекова Маржан Бакбергеновна
- 6) Молдашимова Мира Абиловна
- 7) Мусабекова Нұрғұль Абылхақовна
- 8) Есболғанова Салтанат Тұрлыбайқызы
- 9) Сырабекова Гүлдана Ахатбекқызы
- 10) Сейдалиева Ұлмекен Алибековна
- 11) Шайым Динара Қайратқызы
- 12) Жұмабаева Меруерт Абдирахымовна
- 13) Бектасов Береке Тұрапұлы
- 14) Адасаов Икрам Манасович
- 15) Альмұрат Мұхамедасад Ажимұратұлы

«Бағдарламалау және автоматтандырылған жүйелер» ПБК 06130100 – «Бағдарламалық қамтамасыз ету» маманы дайындалады. Мамандық бойынша зертханалық дәрісханалар заманауи техникалық оқу құралдарымен, стендтермен, керекті оқулықтармен, оқу – әдістемелік құралдарымен жабдықталған және эстетикалық талапқа сай безендірілген.

Өндірістік – технологиялық және диплом алды іс – тәжірибелер колледж келісім шартқа отырған регион кәсіпорындарында өтеді, мысалы ЖШС «ПетроКазахстан Ойл Продактс», Қазпопга – АҚ «Шымкент – поппамат», «Омега XXI», ЖШС «Оңтүстік Геодезия», ЖШС «Корпорация Сипи Строй», ТОО «Компания Казахстан электрокомплекс», ЖШС «MediCS&Trading», ЖШС «Turkistan city», ЖШС «Алтын бизнес строй», «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС, Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, АО Қазақтелеком, ТОО «Digital Road Incubations», Шымкент қалалық статистикалық басқармасы. Бұл бағытта біріншіден, негізгі базалық өндіріс орындарымен іс – тәжірибеден өту қажеттілігіне байланысты жұмыспен қамтамасыз ету келісім шарттарының мерзімі ұзарылды, олармен әлеуметтік серіктестік туралы келісім-шарттарға қол қойылды. Техник – бағдарламашы мамандықты меңгерген оқушылардың көбі өндірістер мен кәсіпорындарға жыл сайын жұмысқа орналасады. Өнеркәсіп мамандарының тексеру нәтижесі бойынша, оқушылардың білім деңгейі жоғары және кәсіби талаптарға сай.

Бірлестікте педагогтар кәсіпорындардағы біліктілігі жоғары мамандармен байланысты қамтамасыз ету барысында жүйелі жұмыстар атқарады. Негізінен өндіріс мамандары дипломдық жобаның рецензенттері, өндірістік тәжірибе жетекшілері болып, әрі сұрақ-жауаптан тұратын дөңгелек үстел кездесулеріне жиі қатысады.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Программистер апталығына» кафедраның оқытушылары мен студенттері белсене қатысады. Апталыққа 1-4 курс арасында түрлі қызықты іс-шаралар өтеді.

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжінің» бағдарламашы түлектері қазіргі таңда өз мамандығы бойынша биік шыңдарды бағындыруда. Атап айтқанда:

Абдимуталипов Асан Қуанышұлы – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамамыз ету жөніндегі аға прокуроры;



Аралбай Дінмұхаммед Әлібекұлы – Шымкент қаласы прокуратурасы, ахуалдық орталықтың инспекторы;

Упабеков Азамат Бауыржанұлы – Мәдениет Департаментінде инженер программист;

Қонысбай Диас – «Aqniel Group» Web бағдарламашы;

Аскербек Баймаханбет – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының жетекші маманы;

Байғанаев Бақытжан Жаңабайұлы – «Жер комитеті және кадастр» мемлекеттік мекемесінде инженер-программист;

Ким Александр – “Server” компаниясында инженер-программист;

Нұрмұқанбетов Қанат Маратұлы – Ақтау қаласында «АҚ Sky Telecom» компаниясында инженер-программист;

Дрантусов Игорь – Ақтау қаласында «АҚ SkyTelecom» компаниясының инженер-программисті;

Бекназаров Ахансері – АҚ «Волковгеология» компаниясында экономист қызметін атқаруда;

Данилов Антон Петрович – «Қазақтелеком» ақпараттық жүйелер дирекциясының қалалық бөлімшесінің инженер программисті;

Алиев Бақдаулет – «Омега XXI» ЖШС жетекші инженер;

Патсахан Мағжан Әділханұлы – №2 Мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернатында техник программист болып жұмыс атқаруда.

Біздің тұлғалар өзіміздің колледжде де жұмыс істейді:

Досмаилов Берік – «Электроника және ақпараттық жүйелер» кафедрасының арнайы пәндер оқытушысы;

Адасов Икрам Манасович – Инженер электроншы;

Альмурат Мұхаммедасад Әкімұратұлы – Жүйелік инженер.

Сонымен қатар бөлім оқытушылары мен студенттері қалааралық іс – шараларға және республика деңгейіндегі үлкен жобаларға қатысып жүзделі орындарға ие болып жатыр.

Абдукаримов Акрамжан Анварбекович – «WorldSkills Kazakhstan 2024» Шымкент қалалық кәсіби шеберлік чемпионатында бірінші орын алып, Республикалық «WorldSkills Kazakhstan 2024» кәсіби шеберлік чемпионатында «Бизнеске арналған IT шешімдер бойынша екінші орын күміс жүлде алды.

